



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Іс жүргізуде тараптарды қосу,
шеттету және ауыстыру





1. Тараптар бірінің өлімі.
2. Консолидация (біріктіру).
3. Қатысуға өтініш.
4. Даулы затқа қатысты үшінші тараптардың құқығын анықтау мақсатындағы сот өндірісі.

Сот органы — сот талқылауына жаңа тарапты қосуға құқылы:

- егер соттың барлық даулы мәселелерді шешуге қажеттілігі болса;
- «талқылау барысындағы даулы мәселелерге қатысты» бұрынғы тарап пен жаңа тараптың арасында мәселе (проблема) болған кезде. Егер сот басқа шешім қабылдаса, екі немесе одан да көп тараптың құқықтық қорғану құралына ортақ құқығы болса, оларды барлығы тиісті сот талқылауына қосылуы тиіс.
- егер жаңа тарап өзін талап қоюшы ретінде қосуға келіспесе, ол жауапкер ретінде қосылады. Жалпылама айтқанда, жазбаша түрде келісім болмаса, ешкім талап қоюшы ретінде қосыла немесе ауыстырыла алмайды және бұл сотпен келісіліп шешіледі.

АСЕ 19.7 тармағы бойынша сот бір тұлғалардың өзгелер үшін сотта өкілдік етуіне белгілі бір мәлімдемелерінің түрлерін шектей алады.

Соттың бұл өкілеттігі өкілдік өндіріс санаттарынан (АСЕ 19.6 тармағы) өзгешелігі (айырмашылығы) бар, өйткені соңғысында тұлға сот рұқсатынсыз өзге тұлғаларды өкіл етуге құқылы және мұндай өкіл етушіліктің негізі өкіл етілетін тұлғалармен мүдделердің бірдей болуы. Қазақстанда соттағы өкілдік институты АПК-нің «Соттағы өкілдік» деп аталатын 6 тарауымен - 57-62 баптарымен реттеледі).

Сонымен қатар, «егер сот ісін жүргізу барысында белгілі бір тараптың талқылауға қатысқаны орынсыз болса» сот кез-келген тарапты талқылаудан шеттете алады.

Сот жаңа тарапты бұрынғы тараппен ауыстыруы мүмкін, егер:

- бұрынғы тараптың мүдделері мен жауапкершілігі жаңа тарапқа өткен жағдайда;
- сот даулы мәселені шешуі үшін жаңа тарапты ауыстырғаны жөн болса.

Ескіру мерзімі өткеннен кейін тарапты қосу немесе ауыстыру, мысалы, дене жарақатын салу әрекеттері сияқты ерекше жағдайларда ғана рұқсат етіледі. Мұндайға жол берілетін жағдайлар:

1. Жаңа тарап талап қою арызында осы жаңа тарап үшін қате аталған тарапқа ауыстырылуы керек болса: АСЕ 19.5 (3) (а) тармағы.
2. Егер жаңа тарап талап қоюшы немесе жауап беруші (жауапкер) ретінде қостырылмаған немесе ауыстырылмаған болса, бастапқы тарап өз талабын тиісті жолмен жалғастыра алмайды және оған қарсы да мұндай талапты жалғастыру мүмкін емес: АСЕ 19.5 (3) (b) тармағы.
3. Бастапқы тарап қайтыс болса немесе дәрменсіздік (банкрот болуы) туралы сот бұйрығын алса және оның мүдделері мен жауапкершілігі жаңа тарапқа өткен болса: АСЕ 19.5 (3) (c) тармағы.

АСЕ 17.4 (3) тиісті ережесін атап өткен жөн (яғни, тараптың аталымына қатысты қатені жоюға байланысты түзету; егер қате шынайы болып, қарастырып отырған тараптың тұлғасына қатысты күдік ұялатып, күмән тудыратын болса рұқсат етіледі).

АСЕ 19.5 (3) (a) тармағы бойынша жетекші сот ісі болып «Adelson v. Associated Newspapers Ltd» (2007) сот ісі табылады.

Осы істе Апелляциялық сот «қатеге» қатысты (күрделі) қағидаларды төмендегідей қорытындылады:

1. Номенклатурадағы қате жеке бас сәйкестігінің іргелі қателігімен бірдей маңызды;
2. Қате талап қою арызын тікелей әлде өзінің агенті арқылы беруі үшін жауапты және тиісті қате арызды берген тұлғамен жіберілуі тиіс; әрі бұл тұлға қате жіберілмегенде, тарап дұрыс аталатынын дәлелдеуі керек;
3. Lord Phillips-тің айтуы бойынша, прецеденттік құқықта дұрыс немесе қате аталған жауапкер оған талап қойылу ниеті туралы біледі, ал егер жауапкер ескертілмеген болғанның өзінде, сот түзетулерді енгізу ережесі жауапкерге нұқсан келтіруіне жол беруі екіталай.

1. ТАРАПТАР БІРІНІҢ ӨЛІМІ



Тараптардың біреуінің өлімін реттейтін ережелер:

1. Сот өндірісі кезінде қайтыс болған жеке тұлғамен қозғалған әрекет заңды болып саналады;
2. Сот өндірісі кезінде қайтыс болған жауапкерге қарсы болжанған әрекет заңды болып саналады.

Егер жауапкер қайтыс болған жағдайда Ережелер (АСЕ) қайтыс болған адамға қатысты мәлімдеме қалай рәсімделуі керек екендігін реттейді.

«Millburn-Snell v. Evans» (2011) ісі бойынша Апелляциялық сот, түгелімен жарамсыз болып табылатын талап қоюға бірінші ереже көмектесе алмайды деп қаулы етті, өйткені жеке өкіл ретінде талап қоюшының орнын басқысы келген тұлғалар талап қоюды қате бастаған, ал аталған тұлғалар өсиет хат әлі алынбағандықтан мұндай жарамды мәртебеге ие болмаған.

Lord Neuberger бұл мәселенің техникалық жағдайына байланысты өз өкінішін білдіргенімен, кезектілікті сақтау қажет екендігін растады: «АСЕ мақсаттарының бірі талап қоюшының арызын кідіретін кедергі ретінде әрекет ете алатын техникалық сипаттағы керек емес процедуралық ережелерден заңды босату болып табылады.Алайда, кезектілік, айқындылық және белгіленген қағидалардың сақталуын ұстану қажеттілігі техникалық ережелерден бас тартудан маңыздырақ, әсіресе, талап қою арызы тиісті тұлғамен берілгендігін кепілдендіру сияқты көзге түсетін мақсаты бар ережеге қатысты болса».

ҚР АПК «Процестік құқық мирасқорлығы» деп аталатын 53 бабы бұл мәселені келесі жолмен реттейді.

ҚР АПК «Процестік құқық мирасқорлығы» деп аталатын 53 бабын біз «Баптың нормасы – Норманың түсінігі» схемасы бойынша қарастырып шығамыз:

1. Даулы немесе сот шешімімен белгіленген құқықтық қатынастардан тараптардың біреуі шығып қалған жағдайда сот сол тарапты оның құқық мирасқорымен ауыстыруға жол береді (1 бөлік).

Норманың түсінігі:

- процестік құқық мирасқорлығы – материалдық құқық мирасқорлығына байланысты бір тұлғаның екінші тұлғаға процессуалдық құқықтар мен міндеттердің өтуімен байланысты.
- құқық мирасқорының процеске кіруінің негізі болып соттың бастамасы, іске қатысатын тараптардың өтініші, құқық мирасқорының өзінің бастамасы табылады.
- құқық мирасқорын тиісті емес (тиіссіз) жауапкерді ауыстырудан ажырата білген жөн. Процестік құқық мирасқорлығы бойынша істе құқық мирасқоры мен құқық берушінің бір сәтте қатысуына жол бермейді.

2. процессітік құқық мирасқорлығына алып келетін материалдық құқық мирасқорлығының жағдайларының тізімі: азаматтың қайтыс болуы, заңды тұлғаның жойылуы немесе қайта құрылуы, талаптың берілуі (уступка требования), қарызды басқа тұлғаға аудару (1 б.).

Нормаға түсінік: процестік құқық мирасқорлығының аталған жағдайлары тізімі толық болып табылмайды.

3. Құқық мирасқорлығы істің кез-келген сатысында орын алуы мүмкін (1 б.).

Нормаға түсінік: Құқық мирасқорлығы азаматтық іс жүргізудің тек кез-келген кезеңінде (сатысында) ғана емес, сондай-ақ сот шешімін орындау кезінде де мүмкін.

4. Құқық мирасқорының процеске кіріскеніне дейін жасалған барлық әрекеттер құқық мирасқорын ауыстырған тұлға үшін қаншалықты міндетті болса, құқық мирасқоры үшін сондай шамада міндетті болады (26.).

Нормаға түсінік: Аталған ереженің қажеттілігі қазіргі процестік құқық мирасқорлығында құқықтық қатынастар жаңа субъектімен өз жалғасын табуымен және тараптардың әрі өзге де іске қатысушы тұлғалардың процестік құқықтарына кепілдік берілу керектігімен түсіндіріледі.

5. бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда істі қарау кезінде тараптардың біреуі істен шығып қалған жағдайда іс бойынша өндіріс уақытша тоқтатылады (36.).

Нормаға түсінік:

- соттың құқық мирасқорын ауыстыруы немесе оны қабылдамауына қатысты ұйғарымына жеке шағым түсіруге болады.
- азаматтың қайтыс болуы немесе заңды тұлғаның қайта құрылуы, жабылуы орын алған жағдайда, егер даулы мәселе процестік құқық мирасқорлығына жол берсе, сот істі уақытша тоқтатуы керек.
- мұндай жағдайда тараптың құқықтары мен міндеттері толығымен құқық мирасқорына өтеді.

6. Кассациялық сатыдағы сотта сот актісін қайта қарау сатысында тараптардың біреуі шығып қалған жағдайда, шығып қалған тараптың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың сот актілерін қайта қарау



туралы өтініш хаты немесе арызы қараусыз қалдырылады. Құқық мирасқоры өтініш хатты қайта беруі мүмкін.

Нормаға түсінік: бұл нормада құқық мирасқоры белгісіз (мысалы, мұра әлі де қабылданбаған болса) әлде міндеттемедегі тұлғалардың өзгеруі орын алса, және кассациялық сатыдағы сот оны істі қарауға дейін біліп, бұл жағдайлар өтініш хатты қарау мерзімдеріне теріс әсерін тигізетін болса өтініштің қараусыз қалдырылуы туралы талаптар белгіленген.

2. КОНСОЛИДАЦИЯ (БІРІКТІРУ)

Сот тиісті тараптарды біріктіруді талап етуге құқылы. Ол соттың кең ауқымды құқықтарының бірі. Консолидация бойынша құқық жүзеге асырылуы мүмкін:

1. Соттың өз қалауы бойынша.
2. Тараптардың бірінің мәлімдемесі бойынша.

Консолидация – іске қатысты тағы бір істі қосуды ұсынуға орай, сот талқылауын кейінге қалдырумен де байланысты. Дегенмен бұл мәселе істі басқаруда мәселені талқылау барысында қарастырылуы мүмкін және көп жағдайда консолидацияға келе бермейді.

«Schutz UK Limited, Schutz GmbH және Co. KGaA қарсы тарап Delta Containers Limited» (2009) істе, Судья Kitchen төмендегідей қаулы қабылдады:

Патент әрекеттерімен байланысты консолидацияны қабылдамады.

Бір істі екіншісін күту мақсатымен тоқтату туралы шешімді шығарудан бас тартты.

Бір іс сотқа басқа іс басталғаннан кейін 9 айдан кейін берілуі қажет деген бұйрық шығарды.

Тыңдалатын істердегі мұндай тәртіп егер заңды топ сот талқылауы барысында біріктірілген істердің ішінен назарды басқа іске аударған жағдайда мүмкін болатын шығындардың алдын алу үшін жасалған болатын.

Бірінші сот талқылауы бойынша стенограмма мен бірінші талап қою бойынша шешім сотқа кейінгі іс бойынша берілуі қажет болатын. Бұл кезектен тыс шешімдерге қатысты қатердің алдын алуға мүмкіндік беретін.

Судья Arden Guinle қарсы тарап Kirreh (2000) ісінде дәл осындай екі рет біріктірілген күрделі сот талқылауына қатысудың алдын алды, ол біріктірілген талап қоюлар бірінен кейін бірі қаралуы керек деген шешім шығарды. Ол сондай-ақ бірінші сауалды талқылаудан құтылу екінші мәселені реттеу немесе тоқтатуға әкелуі мүмкін екендігін атап өтті.

ҚР АІЖ Кодексында консолидация 167 баппен «Бірнеше талап қою талаптарын біріктіру және ажырату» реттеледі.

ҚР АІЖ 167 бабы 3 тармағына сәйкес «Сот... егер осындай біріктіруді орынды деп тапса, өзінің қалауы не тараптардың өтінішхаты бойынша осы істерді бірлесіп қарау үшін бір іс жүргізуге біріктіруге құқылы».

Азаматтық істерді біріктіруге негіз (ҚР АПК 167(6)):

- сот өндірісінде қатысушы тараптары бір, біртекті, бірнеше істердің болуы;
- сот өндірісінде бір талап қоюшының бірнеше жауапкерге қатысты бірнеше талап қоюшының болуы;
- сот өндірісінде әртүрлі талап қоюшының бір жауапкерге іс бойынша талап қоюы.

Істер бір іс жүргізуге біріктірілгеннен кейін істі қарау мерзімі бұрын мәлімделген талап бойынша істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап есептеледі (167 бап, 4 т. 2 абзац).

АІЖ 167 бабы 5 т. сәйкес бірнеше талап қоюды біріктіру немесе ажырату туралы ұйғарым шағым жасауға, прокурордың өтініш хаты бойынша қайта қарауға жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымда, прокурордың өтініш хатында көрсетілуі мүмкін.

Бұл мәселелер Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жыл 13 желтоқсандағы № 21 «Сот талқылауына азаматтық істерді дайындау туралы» Нормативтік қаулыларымен нақтырақ реттелген (25.11.2016 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге).

3. ҚАТЫСУҒА ӨТІНІШ

Төлемнің екі жүйесі бар: 1978 жылғы Азаматтық жауапкершілік (төлем) туралы заңына сәйкес дискрециондық жүйе мен жалпы құқық бойынша ескі төлем жүйесі бекітілген.



Бұл екі жүйе бір-бірімен жұмыс жасауға арналған.

1978 жылғы заң В және С тараптарының қарызды кейінге қалдыру бойынша жауапты болады және «келтірілген бір зиянға қатысты» бір тараптың екінші тарапқа өтемақы төлейтін істерін реттейді.

Аталған сауал, консолидация мәселесі бойынша іс жүргізудегі серіктестік (тең) институтына қатысты, демек бір істе бірнеше талап қоюшы мен бірнеше жауапкердің болуы. Сондай-ақ тең талап қоюшылар мен тең жауапкерлердің талаптары мен міндеттері бір-бірінен ажырамайды.

ҚР аталған мәселені 49 бап «Бірнеше талап қоюшының немесе жауапкердің іске қатысуы» бойынша реттейді, соған сәйкес Бірнеше талап қоюшы бірлесіп бір немесе бірнеше жауапкерге талап қоюы мүмкін. Талап қоюшылардың немесе жауапкерлердің әрқайсысы екінші тарапқа қатысты процесте дербес әрекет етеді. Тараптар іс жүргізуді тиісінше тең талап қоюшылардың немесе тең жауапкерлердің біреуіне сенім хат негізінде тапсыра алады (49 бап, 1 тармақ).

ҚР АІЖ 49 бабы, 2 тармағы істе бірнеше жауапкер мен талап қоюшының болуына жол беретін жағдайларды қамтиды. Іске қатысу мүмкін, егер:

- бірнеше талап қоюшының немесе бірнеше жауапкердің ортақ құқықтары мен міндеттері даудың нысанасы болып табылса;
- бірнеше талап қоюшының немесе бірнеше жауапкердің құқықтары мен міндеттерінің негізі бір болса;
- бірнеше талап қоюшының немесе бірнеше жауапкердің біртекті (ұқсас) құқықтары мен міндеттері даудың нысанасы болып табылса, іске бірнеше талап қоюшының немесе жауапкердің қатысуына жол беріледі.

ҚР АІЖ Кодексінің 49-бабына берген ҚР Жоғары Сотының түсініктемесінде айтылғандай «тең талап қоюшы мен тең жауапкерлер — әрқашанда бір материалдық құқықтық қатынаста болады».

Тең қатысушылардың (тең талап қоюшы мен тең жауапкерлер) өзге іске қатысушылардан ерекшелігі:

1. Даулы мәселеге қатысты жеке мәлімдеу жасаған үшінші тараптардың тең қатысушылардан айырмашылығы: Егер тең талап қоюшылардың материалдық-құқықтық талаптары әрқашан бірдей болса; керісінше, дауға қатысты жеке талап қойған үшінші тараптардың қызығушылығы талап қоюшының қызығушылығынан әрқашан өзгеше.
2. Дау бойынша жеке талабын мәлімдемеген үшінші тараптардың тең қатысушылардан айырмашылығы: Тең талап қоюшы мен тең жауапкердің айырмашылығы, үшінші тараптар даулы материалдық-құқықтық қатынастың субъектісі болып табылмайды, демек, олар процесс бойынша материалдық талап қоймайды және өз кезегінде олардан да ештеңе өндірілмейді.
3. Алып беруге қатысты талап қоюдағы тең жауапкердің негізгі жауапкерден айырмашылығы: бір жауапкерге қарсы берілген талап қанағаттандырылса, басқа жауапкерлерге талаптан босатады.

Талап қоюшылардың немесе жауапкерлердің көп болуы кейбір жағдайда даулы мәселенің шешілуін күрделендіруі мүмкін болса, әдетте, бұған тек істі тез әрі дұрыс шешу мүмкін қылатын кезде ғана жүгінеді.

Тең қатысу мәселесі, яғни іске тең талап қоюшы немесе тең жауапкер қатысуы сотпен істі сот талқылауына дайындау барысында шешіледі.

4. СОТ ӨНДІРІСІНДЕГІ ДАУЛЫ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ ҮШІНШІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН АНЫҚТАУ

Кей жағдайда адам басшылық жасап отырған мүліктің немесе активтің бөтен екенін біліп, оны бәсекелес үміткерлердің арасынан кімге тиесілі екенін анықтай алмай, кімге беру керек екенін білмей қалады.

Бұл екі жағдайда орын алуы мүмкін:

1. Лауазымды тұлға (шериф немесе сот приставы) тауарларға қатысты шешімді қолданатын кезде;
2. Тұлға мүдделі тарап болған кезде, яғни тұлға екі немесе одан да көп бәсекелестің немесе қатысушының мүлкіне иелік етсе.

Оған мысал ретінде адвокат немесе жылжымайтын мүлік бойынша агентті келтіруге болады, ол сатушының да, сатып алушының да талап етіп отырған салынған ақшасын сақтап отыруын келтіруге



болады.

Өзге мысал ретінде тауарды тасымалдаушыны келтіруге болады, ол тауарды адрес бойынша жеткізуді немесе тауарды қайтаруды талап етіп отырған жөнелтушіге қайтарып жеткізуін білмеуі мүмкін.

Күрделі жағдайлар делдалдың немесе өзге тұлғаның араласуына байланысты жаңа сот талқылауына әкелуі мүмкін.

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер:

Кудрявцева Е.В. «Гражданское судопроизводство Англии». - М.: Издательский дом «Городец», 2008.

1. Эндрюс Н. «Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж» // пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
2. Andrews N. «Andrews on Civil Processes». Vol. I. Intersentia, 2013.
3. Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V (с изм. и доп. по состоянию на 24.04.2019 г.)
4. Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан. Астана, 2016. // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=32469410#pos=2;-248